

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы Атасу кентін қайта атау туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 07/02 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 501 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 наурызда № 5726 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы Атасу кенті – Жаңаарқа кенті деп қайта аталсын.

2. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі
Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы

Ж. Қасымбек
Б. Шингисов
С. Утешов